

**Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Словения Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 мамыр N 545

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Словения Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Ағылшын тілінен аударма

**Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен  
Словения Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы  
ынтымақтастық туралы  
Хаттама**

*(2008 жылғы 31 қаңтарда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)*

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Словения Республикасының Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік егемендікті, теңдікті құрметтеу, тарап мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау, өзара құрмет мен тиімділік қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

БҰҰ Жарғысына және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттарына сәйкес бейбіт қатынастарды әрі ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып, Тараптар арасында өзара мүдделі мәселелер бойынша әр түрлі деңгейде консультациялардың маңыздылығын және БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде өз араларында консультациялардың пайдалылығын қуаттай отырып, мыналар туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар саяси диалогты арттырады. Тараптар екі жақты қатынастар және халықаралық ортақ мүдделі мәселелер бойынша жүйелі түрде саяси консультациялар өткізуге ниет білдіреді.

## 2-бап

Тараптар, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы мен Словения Республикасы арасындағы қолданыстағы келісімдер мен уағдаластықтарды орындауға қатысты мәселелер бойынша ақпараттар алмасады. Тараптар екі жақты қатынастардың құқықтық негізін орнату қажеттілігін басшылыққа алып және осы мақсатпен кез келген пайдалы бастамаларды ұсынатын әрі қолдайтын болды.

## 3-бап

Осы Хаттамада көрсетілген консультациялар Сыртқы істер министрлері деңгейінде және министрліктер департаменттерінің басшылары мен сарапшыларын қоса алғанда, басқа да деңгейлерде өткізіледі. Тараптар өзара уағдаластық бойынша аса маңызды мәселелерді зерделеу үшін сарапшылар немесе жұмыс топтарын құра алады.

## 4-бап

Консультациялардың бағдарламалары мен деңгейі, сондай-ақ өткізілетін орны дипломатиялық арналар бойынша келісіледі. Тараптардың Сыртқы істер министрлері немесе олардың уәкілетті өкілдері арасындағы кездесулер кезекпен екі елдің астаналарында өтіп отырады.

## 5-бап

Қазақстан Республикасының және Словения Республикасының үшінші елдердегі дипломатиялық өкілдіктері, олардың Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардағы Тұрақты Өкілдіктері өзара байланыстар мен ақпараттар алмасуды жақсартатын болады.

## 6-бап

Осы Хаттама Словения тарапының бұл Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімді орындағаны туралы хабар берген күнінен бастап кү ш і н е е н е д і .

Осы Хаттама екі жыл бойы күшінде болады және Тараптардың бірі осы Хаттаманың кезекті мерзімінің аяқталуына дейін екі ай бұрын басқа Тарапты өзінің Хаттама күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, өзінен өзі келесі екі жылға ұзартылды деп есептеледі.

2002 жылғы \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ ағылшын тілінде екі түпнұсқа данада жасалды.

Қазақстан Республикасының Словения Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі үшін Сыртқы істер министрлігі үшін

М а м а н д а р :  
Б а г а р о в а Ж . А . ,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК